

Дәріс №10.

Тақырыбы: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры

Жоспар:

1. Лиро-эпостық жырлар туралы түсінік
2. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының жиналуы және зерттелуі
3. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының нұсқалары
4. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырдағы образдар

Мақсаты: Лиро-эпостық жырлар туралы түсінік беру. Жиналуы, зерттелуі және сюжеті мен тақырыбына тоқталу. Әдет- ғұрып, салт – сананың лиро – эпос сюжетінен алатын орны, кейіпкер тағдырымен сабақтастығын меңгеру. Әлеуметтік қайшылықтарға, трагедия, образдар жасау ерекшеліктерін түсіндіру. Әлеуметтік тұрмыстық және махаббат тақырыбына талдау жасау.

Негізгі ұғымдар: лиро-эпостық жырлар, нұсқа, әдет-ғұрып, салт-сана, трагедия, образ, тақырып, идея.

Лиро-эпос жырларының ішінде тақырыбы, оқиғасы, құрылысы жағынан ерекше орын алатыны және халық арасына көп тарағаны – «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу» жайындағы жыр. Бұл жыр бір-біріне ғашық болған екі жастың өмірін ғана баяндаған дастан емес. Ол сонымен қатар, қоғамдық мәні бар әңгімелерді қамтыған, халықтың өткендегі тұрмыс- салтын суреттеген жыр.

Өткен ғасырдың өзінде - ақ «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырына талай ғалымдар көңіл аударып, бірсыпыра пікірлер айтқан болатын. Олар жырдың өзін ғана сөз қылып қоймай, сонымен қатар Қозы Көрпеш пен Баянның бейітін ескі дүниенің ескерткіш белгісі ретінде зерттеген еді. Мәселен, Г.Н.Потанин бұл жырды аса жоғары бағалап, дүниежүзілік эпостық шығармалардың қатарына қояды. «Бұл жыр - дүниежүзіндегі ең қымбат әдебиет мұраларына жататын шығарма», - дей отырып, Потанин оны Ромео мен Джульеттаға теңейді. Өз тұсында Шоқан да «Қозы Көрпеш» жырын сүйсіне тыңдап, Жанақтан жазып алғаны мәлім. «Алтын айдар Қозы Көрпеш пен сұлу Баянның сүйіспеншілігі туралы шығарылған ақындық аңыз», - деп бағалайды ол.

Академик Радлов пен профессор Березин де «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының ертеден келе жатқан әдебиеттік мұра екендігін атап көрсетеді. И. Безверхов «Қазақтың өлеңшілері мен ақындары» туралы жазған мақаласында «Қозы Көрпеш» жырын жоғары бағалап, қазақ халқының ерте заманда туғызған ақындық шығармасы екендігін айтады да, оны Арыстан ақынның қалай жырлағанын жазады. Түрік халықтарының ертедегі өлең құрылысын зерттеген ғалым Ф.Корш «Қозы Көрпеш» жырының көркемдігін ерекше сөз етеді. Бұл шын мәніндегі халық жыры деп бағалайды.

«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жыры жайында пікір айтқан ғалымдардың екінші тобы Қозы мен Баянның бейітін зерттеген. Орыс ғалымдары Н.Абрамов, Н.Пантусов, И.Кастанье т.б. өткен ғасырдың аяқ кезінде бұл бейітті зерттей келіп, оны ерте заманның архитектуралық өнерін көрсететін

белгі деп қарайды. Сөйтіп, Қазан көтерілісіне дейін «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырын көптеген ғалымдардың жоғары бағалағандығын көреміз. Бірақ та олар бұл жыр жайында азды-көпті пікірлер айтқаны болмаса, оны арнайы зерттеген жоқ еді. Кеңестік дәуірде ғана бұл жыр зерттеле бастады.

Кеңестік дәуірде «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жыры туралы үлкен көлемді ғылыми зерттеулер бірден туған жоқ. Ең алдымен, әртүрлі пікірлер айтылды. Мәселен, Сәкен Сейфуллин «Қазақ әдебиеті» (1932) деген кітабында «Қозы Көрпеш» жырын тек Радлов нұсқасы бойынша тоқталады да, Қозы мен Баянға байланысты жырлардың барлығын үстем таптың шығармасы деп көрсетеді. Және де ол: «Қозы Көрпешті» талай оқымыстылар мақтайтын еді. Мен мақтарлық ештемесін таба алмадым», - дейді. Сәбит Мұқанов «Батырлар жыры» туралы жазған еңбегінде (1939) «Қозы Көрпештің» халықтық сипаттағы жыр екендігін дәлелдейді. Қазан көтерілісіне дейін қазақ жастарының әсіресе қазақ қыздарының, ескі әдет-ғұрып шырмауынан шыға алмай, ауыр күйге түскендерін бейнелейтін жырдың бірі деп бағалайды. Осы пікірді Қажым Жұмалиев те өзінің «Қазақ әдебиеті» деген оқулығында (1944), «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» (1958) монографиясында, Әлкей Марғұлан да (жоғарыда аталған еңбегінде), Мұсатай Ақынжанов та айтады. Олар жырдың әртүрлі үлгілерін салыстыра отырып, Қозы мен Баян жайындағы әңгімелердің негізі халықтық ортада туғандығын анықтайды.

Бертін келе, «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырына арналған ғылыми еңбектер жазылады. Бұл ретте Мұхтар Әуезов пен Ысқақ Дүйсенбаевтың зерттеулерін атауға болады. Мұхтар «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының қазақ арасына тараған нұсқаларын зерттейді, жырдың әдебиеттік жақтарына толық талдау береді. Сонымен қатар жырдың шығу мезгілін мөлшерлейді. Ол бірсыпыра деректер келтіре отырып, жырдың XV-XVI ғасырлар шамасында шыққандығын айтады. Содан бері қарай бұл жырдың талай өзгерістерге ұшырағанын, жырды әр таптың өз тілегіне қарай пайдаланғандығын дәлелдеп көрсетеді. Қазақтың лиро - эпостық жырларын зерттеген Ы.Дүйсенбаев «Қозы Көрпеш - Баян сұлуды» арнайы тексереді. Ол бұл жырдың қазақ арасында сақталған нұсқаларын башқұрт, ұйғыр, барабын татарлары және алтай елінде айтылатын түрлерімен салыстыра зерттейді. Олардың «Қозы Көрпешті» қалай жырлағанын, қандай айырмашылық, ерекшеліктері барлығын көрсетеді. Мұнымен қатар, ол Шоқан мен Потаниннің және басқа да ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, жырдың оқиғасы халықтың аңыз-әңгімелерінен туған дейді. Қозы мен Баян тарихи адамдар емес, олар халықтың аңыз-ертегілері жасаған кейіпкерлері деген қорытынды жасайды.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» қазақ халқының ерте заманда шығарған ескі жырының бірінен саналады. Бұл жырды көптеген ақын - жыршылар айтып біздің заманымызға жеткізген. Ол өзінің қалыптасу, даму жолында талай таптық тілектердің елегінен өткен. Жырдың қай нұсқасын алсақ та, әртүрлі көзқарастардың барлығын аңғартады. Мәселен, Шөже, Мұқан айтқан жырда дін әңгімелері басым келеді, олар жырға дін жайын, ескі наным-сенімдерді көбірек енгізеді. Радлов жинап бастырған жырда үстем тап адамдарын, әдет -

ғұрып салтты дәріптеушілік орын алады. Жырдың Кастанье жариялаған нұсқасында көптеген әңгімелер қиял - ғажайып ертегі түрінде айтылады. Мұның бәрі жырдың әрбір ортаның тілегіне қарай өзгеріп отырғанын көрсетеді.

«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жыры тек қазақ арасында туып, қазақ еліне ғана тараған жыр емес. Ол ерте кезде бір-бірімен қарым-қатынас жасаған, көшіп - қонып көршілес болған, тұрмыс - салты, тіршілігі ұқсас қазақ, башқұрт, барабын татарлары, ұйғыр, алтай елдерінде айтылып жүрген жыр. Аталған халықтардың қайсысы болса да бұл жырды өзінің төл шығармасы деп таниды.

Соңғы кезде «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жыры жайында біраз еңбектер жазылды. М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Ы.Дүйсенбаев, Ә.Қоңыратбаев сияқты ғалымдар бұл жырды арнайы зерттеп, оның қазақта он алты нұсқасы барлығын анықтады. Және де олар жырдың қазақтағы нұсқаларын башқұрт, ұйғыр, барабын татарлары арасында, алтай елдерінде айтылатын әңгімелерімен салыстыра зерттеді, қандай ұқсастықтары, айырмашылықтары барлығын көрсетті.

Қазақ арасында айтылып, ауызша тараған «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының он алты нұсқасы бар дедік. Оларды зерттеген ғалымдардың мәліметтеріне қарағанда, бұл жыр ел арасынан өткен ғасырдың бас кезінде - ақ жинала бастаған. Бұл ретте игілікті жұмыстар жүргізген орыс ғалымдары болған. Мәселен, шығыс әдебиеті мен араб тілін зерттеуші орыс ғалымы Саблуков жырдың бір нұсқасын 1830 жылы бұрынғы Семей губерниясына қарасты Көкпектілік бір жыраудан жазып алған. Омбыда, губернатордың кеңсесінде, іс жүргізуші болып істеген Ғ.Дербісәлин 1834 жылы «Қозы Көрпеш - Баян сұлудың» бір үлгісін хатқа түсірген. Бұрынғы Аягөз сыртқы округтік приказының тілмашы Андрей Фролов деген кісі 1841 жылы қазақ ақындарының айтуынан жырдың бір нұсқасын жазып алған.

1856 жылы Шоқан Уәлиханов «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырын атақты Жанақ ақыннан естігенін және жазып алғанын айтады. Бірақ жырдың Шоқан жазып алған бұл нұсқасы өз кезінде баспа жүзін көрмегендіктен әлі күнге дейін жұртшылыққа мәлім болмай келеді.

Орыс халқының ұлы ақыны А.С.Пушкин Пугачев қозғалысы туралы деректер жинау мақсатымен Орынбор жағына келіп, сол мандағы қазақ ауылдарында да болады. Осы сапарында ол ел арасынан «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» әңгімесін естіп, негізгі мазмұнын жазып алады, кейіннен оны өзі поэма етіп жазуды ойлайды.

М.Путинцев 1865 жылы «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының бір нұсқасын жазып алып, оның мазмұнын орыс тіліне аударып бастырған. Академик В.Радлов жырдың бір нұсқасын қазақ арасынан жазып алады да, оны өзінің үшінші томына (1870) енгізеді.

Петербург университетінің профессоры И.Н.Березин өзінің «Түрік хрестоматиясы» дейтін кітабында (1876) «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының бір нұсқасын жариялайды. Түркістан өлкесінің археологиясын

зерттеген ғалым Н.Пантусов 1898 жылы Қозы мен Баянның моласы дейтін ескерткішті зерттейді, ол осы жолда ел арасынан «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының бір нұсқасын жазып алады да, оны әуелі Ташкентте, кейіннен Қазанда шыққан «Орта Азияның ескі заманы» дейтін кітабында бастырған. Оренбург музейінің басқарушысы болған орыс тарихшысы И.А.Кастанье өзінің «Қазақ даласы мен Оренбург өлкесінің ескі белгілері» (1910) дейтін кітабында «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының он шақты нұсқасынан дерек береді және сол кітабында жырдың бір үлгісін орысша аударып жариялайды. Кастанье бастырған бұл нұсқа жайында мынадай бір мәлімет келтіреді: бұрынғы Жетісу облысының губернаторы Колпаковский Семейден Қапалға бара жатып, жолда Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың моласын көреді, осы екі ғашық жайындағы аңыз әңгімелерді жинастыруды Лепсі уезінің начальнигіне тапсырады. Лепсі уезі начальнигінің айтуы бойынша, «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының бір үлгісін орман қарауылшысы Салағаев ел арасынан жинап, тапсырады, ол орысшаға аударылады да, Кастаньенің қолына түседі. Бұл кейіннен Кастаньенің бастырған нұсқасы болып кетеді.

Бұлармен қатар, «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының кейбір үлгілері, үзінділері 1877 жылы «Ақмола облыстық ведомосында» (№ 1, 3), «Нива» журналында (№ 2, 1899, Е.З.Баранов нұсқасы), «Дала уалаяты» газетінде (1894, 1899 жылдар), «Торғай газетінде» (А.Васиельев нұсқасы, 1900, №6) басылған. Жырдың бір үлгісі 1916 жылы Сейітовтың қолжазбасы бойынша, «Орыс география қоғамының батыс - сибирьлік бөлімінің еңбектерінде» жарияланған.

1878 жылы жырдың бір нұсқасы «Хисса Қозы Көрпеш» деген атпен Қазанда Ш.Хұсаиновтар бастырып, оны 1890, 1894 1896 1905 жылдары қайта бастырған.

«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жыры кеңестік дәуірде бірнеше рет басылып шықты. 1925 жылы Мәскеуде басылды. 1936 жылы жырдың Жанақ айтуындағы нұсқасын М.Әуезов Алматыда шығарды. Кейіннен ол 1939 жылы шыққан «Батырлар жыры» жинағына енді. Бұл жырдан алынған үзінділер оқу орындарына арналған хрестоматияларда жарияланып келеді. Г.Тверитин дейтін ақын жырдың бір нұсқасын өзінше жырлап, орысшаға аударып (1928, 1941, 1949) бастырды және «Песни степей» атты жинақта жарияланды. 1959 жылы Қазақ Ғылым академиясы жырдың алты нұсқасынан кұралған (кұрастырушы Ы.Дүйсенбаев) жинақ шығарды. Мұнымен қатар, «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының желісін пайдалана отырып, жазушы Ғабит Мүсірепов пьеса жазды, кинофильм де шығарылды.

«Қозы Көрпеш» жырының варианттарын сюжетіне қарай үш түрлі салаға жіктеуге болады. Мұнда жырдың көпшілік сюжеті трагедиялы болып келеді. Оған Шоқан – Жанақ, Березин, Пушкин, Чеканский, Кастанье, Машанов, Тверитин, Әбенев, Жылқайдаров, Батырханов, Дербісалин, Ұлғашев нұсқалары, барыбы, башқұр, ұйғыр тіліндегі, тағы басқа бірнеше ұсақ кестелер жатады. Жырдың бұл саласында трагедиялық аяқтама жоқ. Оларда Қозы мен Баян феодалдық қоғам жағдайында өздерінің армандарына жетеді. Бұл -

В.В.Радлов пен Бейсембай нұсқасы. В Радловтың қазақ арасынан жазып алған «Қозы Көрпеш» жыры трагедиясыз болса, барыбы татарларынан жазып алғаны - трагедиялы. Соңғы салаға жататын нұсқалар - Қазақ ССР Ғылым Академиясы Тіл және әдебиет институтында сақтаулы тұрған Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазбалары. Бұл варианттарда Қодар қолынан өлген Қозы кейде отыз бір жыл, кейде жеті ай, енді бірде үш күнге тіріліп, Баянмен уақытша қосылып, біраз өмір сүргеннен соң қайта өледі.

Фольклор көп жайда біреуді туа батыр, туа жауыз немесе туа әділ де ақылды етіп суреттейді. Біздің оқулықтарымыз соған социологиялық тұрғыдан схемалық әдеби мінездеме беріп, эпос, ертегі, образды ел, тайпа, халық, қоғам тарихынан бөлек алып қарады. Мұны кезінде М. Әуезов өте орында сынаған еді. Қоғам үнемі дамып, өзгеріп отыратын болса, біреу жақсы, біреу жаман, біреу кедей, біреу бай дегенмен асық түгелденбейді. Бізге қажеті - әрбір жыр, образ идеясында қандай айырмашылықтар бар? Фольклор геройларының бітімсіз тартыста көрсетілуі неден? Сол жыр мен образдардың замана ойын, адам арманын білдіретін сипаты қайсы? Олардың бір ғана қазақ емес, бүкіл адам баласының рухани мәдениеті тарихынан алатын орны қандай? Оның бүгіндік мәні неде деген сауалдар жағында болуға тиіс. Тегіне бақсақ, Қодар, Ұлтанқұлдар бай - бағлан болғандар емес. Ал Баян, Жібек, Төлегендер бай ортадан шыққан, бірақ бүкіл елге аян ұлы бейнелер болып көрсетілген. Бұл философияны диалектикада алып, қоғам өмірінің белгілі бір сатыларымен ғана түсіндіруге болады.

Жақсылық пен жамандық тартысы ежелден бар. Мифологиялық ертегілер туғанда, адам алғаш табиғаттың сыры белгісіз күштерімен, одан соң дию, жын, пері, мыстандармен күрескен. Таптық қоғам туғанда фольклор бұл диалектиканы қоғамның өзінен іздейді. Оның өзі тайпалық, феодалдық, халықтық сатыларда көрінеді. «Қозы Көрпеш» жырында сол дәуірлерге тән образдардың бәрі де бар. Эпос образдары тұсында тарихи принципке сүйеніп, осы шығымдардың түйінін шешуіміз керек.

Бір анығы, Қарабай, Қодар, Қозы, Баян образдары таптық - феодалдық қоғам сатысында туған. Олардың мінездеріндегі қайшылық қоғам қайшылығының жемісі. Жыр образдарын ұнамды (Қозы, Баян), ұнамсыз (Қарабай, Қодар) деп жіктесек те, ондағы ұнамсыз бейнелер психологиясы мен іс - әрекеттері ұнамдылардан әлдеқайда шыншыл болып суреттелген. Қарабайдың сараңдығы, Қодардың өзімшілдігі, қараулығы әсерлі түрде фантазияланған. Бұл айтушылардың образдау жүйесіне аса жетік болғанын білдіреді. Қарабай мен Қодарды жыр ұсақ та жауыз етіп көрсетпесе, біріншіден, феодализм қайшылығы терең көрініс таппас еді. Екіншіден, Қозы мен Баян образдары да өз дәрежесінде шықпаса керек. Қазақ жыры әйелдің бас бостандығына тұсау болған сол қоғам жарасының аузын тырнап, ұмытылмас ұлы бейнелер сомдаған. Сасық бай Қарабай мен кедей Қодар ескі қоғамның өмір шындығын, қуатын көрсетсе, бай қызы Баян мен Жетім Қозы сол заманғы адам арманын суреттейді.

Бұл жағынан жалшы Қозы мен Баян қыз бейнелері бүкіл адам баласына ортақ «Тристан Изольда», «Фархад Шырын», «Ләйлі Мәжнүн» образдары мен сюжеттерінен бірде кем емес. Өзінің реализмі, дін шырмауынан амандығы жағынан бәлкі олардан артық. Сол үшін де жыр мен оның образдарын жақсы - жаман деп бөлмей, өмір құбылыстарынан туған, биік фантазия қанатында көрінген ұлы эпос, ұлы бейнелер деген орынды.

Жырдың өмір танытушы арқауы аса мәнді. Жырдың түпкі идеясы әйел басындағы теңсіздікпен байланысты болғандықтан, бірінші орынға Қозы емес, Баян образы шығады. Жырдағы Баян бейнесін біз негізінен екі арнада түсінеміз. Бірінде ол ата - ана салты, ескі қоғам дәстүрімен келіспей, өз жүрегінің нәзік сезімін, еркіндігін феодалдық ортадан жоғары ұстаған азатшыл, халықтық бейне. Екіншісінде Баян ескі салтпен ымыраласқан, сол себепті жесір немесе құдалық идеясының жетегінде жүрген пассив образ, азатшылдығы.

Жырдағы Баянның арманымен байланысты жасалып, екінші тұрғыда тұрған халықтық тұлға Қозы Көрпеш. Қай нұсқада болса да мұның шыққан ортасы кедейленген, жұтаған шаруа. Кейде төтелей жалшы - малшы арасы болып келеді. Сарыбайдың байлығы басында екі бай арасындағы құдалықты ақтау үшін айтылған дәлелдеме сияқты. Барлық жырда Қозы не жетім, не тазша, не Қарабайдың қойшысы, кейде жылқышы, Қодарға бағынышты тоқсан құлдың бірі. Осындай жалшылық кәсібіне қарамастан, оны айтушылар Қодар сияқты «құл» демей, «тазша» деп атайды. Біздің ойымызша, бұл екі түрлі атау Қодар мен Қозының әлеуметтік мінезін қарсыластырудың бір әдеби тәсілі болған. Қодардың кейде еңбекпен байланысты адам болса да, «құл» атанатын себебі ол өзінің адамдық правосын жоқтай білмейді, онда азатшылдық сезімі жоқ. Баян сияқты, Қозының да тәуір жағы трагедиялық жырларда жатыр. Мұндай жырлардың бір қайшылығы оның құдалық шартынан туғандығы десек те, бұл тұста Қозы образын феодалдық қоғам салтымен жанжалдастыратын межелер бар. Соның бірі Қарабай бұзатын, Қозының ел - жұрты, анасы ұнатпаған» құдалықты» Қозының өздігінше жақтауы, Баянды ата-ананың рұқсатынсыз іздеп шығуы, оның азатшылдығы. Ата - ананың оң батасын алмай кету Бейсенбай жырынан басқа нұсқалардың бәрінен де кездесіп отырады. 1909 жылы басылған «Қисса Қозы Көрпеш» жырында Қозы шешесінің қолын бидайға қақтап, оның ақ сүтін аттап, қыз іздейді. Айтушы баланың еркі атада деген патриархалдық ұғым бойынша, жолай Қозының түсіне Сарыбайды да енгізіп: «Қайт, балам, жол көрінбес, барғанмен саған Қарабай қыз бермес» дегізеді. Бірақ Қозы оған да ойыспайды. Ата-ананың оң батасын аттап кеткені үшін айтушы: Ата тілін тыңдамай кеткен бала, Жолынан аман қайтып үйін көрмес, деп, Қозыны күні бұрын жазаға бұйырады. Кейбір жырларда діни айтушылар ата - апаға қарсы шыққан Қозының махаббатын сәтсіздікке түсіру үшін қа раторғай символын жасайды. Сойтіп трагедия тағдырдан болды дегісі келеді: Қарабай мен Сарыбайдың басына қонатын «қара бақ» символы болған торғайды кейін Қозы елерде Баян мен Қозы арасындағы хабаршы ретінде жұм сап, торғай бақытсыздық

символы болды деп бағалайды. Осынша қарғыс, қиындық, меңіреу табиғат стихиясына шырмап келіп, ақырында айтушылар Қозыны Шоктерек шөлінде кебінсіз қалдырады.

Қозының бейітін соғатын да Қарабай емес, Баян. Қозы мен Баянның бұл сияқты феодалдық қоғам салтынан бөлініп шығып, адамның алдына өзгеше талап қоя білуі бұл образдардың халық гуманизмі, адам еркіндігімен байланысты ең күшті, жарқын жағы. Бұлардың махаббаты да сол үшін елге идеал болған. Екі жастың азаттық идеясын сақтаған халық Қозы мен Баян жайында үлкен жыр туғызады, оның бейіті туралы сан алуан аңыз айтады. Сондай аңыздардың бірінде Аягөз бойындағы Қозы мен Баянның бейітіне екі терек шығыпты мыс. Оның ортасына бір түп ақ тікен бітіпті, екі терек Баян мен Қозы, ал тікен Қодар екен дейді халық. Қозы образының халықтық белгілерінің бірі оның тазшалық, қойшылық халі. Қозы трагедиялы жырларда төменгі таптан шыққан адам, еңбекшіл. Жанак, Шөже, Бейсенбай жырларында Қозы жалшы ғана емес, әрі батыр. Бірақ ол ерлікті жаугершілік, жорық, соғыс жолында емес, өзінің бас бостандығы жолында іздейді. Баянға аттанарда Қозы шешесіне: Алдымда неше түрлі тұрса да оқ, Тартынып бұл сапардан қалуым жоқ. Сұлуын дүниенің жисаң - дағы, Бір жарымдай болмайды көңіліме тоқ дейді. Білегіне, күшіне сенген Қозы Қодарды өлтіріп, қызды Қарабайдан зорлап алады. «Қозы Көрпеш» жырындағы мінез - құлқы реалистік тұрғыда айрықша ерекшеленген типтік образдың бірі Қарабай. Онда тоқсан мың жылқы бар, өзі жекеменшікті бір қолға жиған үлкен феодал. Сол байлығына сай ол үлкен қанаушы. Бастығы Қодар болып, оның есігінде тоқсан құл жүреді. Жыр Қарабайдың мінезін де сол қаттылықтан бастайды. Сарыбай буаз маралды атпағанда, достығын бір маралға сатқан бай, әріптесі аттан құлап жатқанда: Қасында Сарыбайға қарамайды, Маралдың копай ішін жаны шықпай жарды. Ішінен қос қодығы мәңіреп шықты, Қодығын тыпырлатып бауыздайды... Маралды егіз қодыға теңеп алып, Достасын бек сөйлескен кетті тастап. Олжақұмар Қарабайдың осы тұста халық адам сүйместігін, опасыздығын мінейді. Қарабайдың жүрегі сүйіну дегенді білмейді. Сексеп беске келген Қарабайдың кемпірі қыз тауып, бір сақау қатын сүйінші сұрап келгенде: Сегіз өрме бұзау тіс қамшыменен, Сақауыңды кетеді бартылдатып. Өзінің қоңсы - қолаңын сүліктей сорып, қанап, жеп үйренген обыр байдың құл - құтанға олжа беруі мүмкін бе? Бұдан әрі жыр Қарабайдың сараңдығы мен сықпарлығын «өзі тойса да, көзі тоймайды» дейтін мақал ізімен үнемі күшейтіп, оның мінезін, малын ішіп - жеуге қимайтын сасық бай тұлғасында қалыптастырады.

«Тоқсан мың жылқы айдаған бай болса да,

Үйінде сілкіп салар шапаны жоқ», - деп келетін мінездеме қазақ балаларының көпшілігіне тән мінез. Мал мен дәулет қасында Қарабайға туған ел, өскен жер, дос - жар, жазаласа өзінің бауыр етінен жаралған қызы да ешнәрсе емес. Соның бәрін Қарабай мал қызығына айырбастайды. Жырда Қарабай дарашылдық пен сараңдықтың көрінісі болумен қатар, байларға тән ақылсыздықтың да үлгісі. Оны халық жыры алаңғасар, ақымақ бейнесінде

суреттеп, сынаиды, әжуалайды. Сарыбай Қозы бейнесін толықтырса, Қодар Қарабайдың образын толықтырады. Қазақ жыры Қодарды бірде қалмақ, бірде Қарабайдың өгей ұлы десе, тарихта оның есімі ІХ - Х ғасырлардағы оғыз - қыпшақ ұлысы, Қарахандар дәуірінен бері бар. Соның бәрінде де ол ябғу хандарының батыры, отардағы малын баққан орынбасары ретінде аталады. Оның заңы шоқпар, білек. Бейсенбай жырында жылқыны тоқсан құлға тастап, ауылға жеткен Қодарға Қарабай:

Жапанда өңшең жалшы қулық бастар,

Бірінің айтқан сөзін бірі қоштар.

Өзің барып жылқыны қайтарып кел,

Арық - шеру уақытта қырып тастар, - деп, оны жылқыға қайта салады.

Қодар жырдың барлық варианттарында бірдей кездесе бермейді. Кездесе қалса, оның тұлғасы да әр алуан. Мысалы, тілеуіт жырында Қодар Қозының бақталасы емес, Қаратыханның Қаражан сияқты батыры. Енді бірде Қодар Қарабайдың көп құлының бастығы. Оның қызы қойшы бала Қозымеп қашып кеткенде Қодар соларды іздеп шығып, қыз апаларымен бірге шөлдеп өлушілердің бірі. Барабы татарларының жырында Қодар есімі жоқ.

Ал қазақтың «Қозы Көрпеш» жырында екі жастың адал махаббаты мен адамдық правосына қол сұққан зорлық иесі. Кейбір айтушылар (Бейсенбай, Радлов нұсқалары) Қодарды тек «жарамсақ жалшы» болғандығы үшін мазақ етіп, оны Қозының қолынан өлтіреді. Бірақ оның мінезіндегі құлдықпен оның еңбек дүниесімен байланысты тұлғасын шатастыруға болмаса керек. Айтушылардың бәрі дерлік Қодардың еңбек үстіндегі қайратына риза болып, оған алып тұлға береді:

Тоқсан мыңды не қылса тындырды тез,

Әдебі жоқ, мінез жоқ, Қодардан без.

Кәпірдің денесінің бәрі де артық,

Жалпағы жауырынның үш жарым кез.

Бейсенбай жырында Қодардың бойы он кез, жұдырығы қолағаштай, иығы алты қарыс. Алайда Қозыға қарсы қойылған бейне болғандықтан, айтушы Баян мен Қодар арасында махаббат сезімінің болуы мүмкін емес дейді. Бұралған тал шыбықтай ол Баян қыз. Тым сұлу, көркемдігі жұртқа аян қыз. Өзінің денесімен бір ісі жоқ, Содан үміт қылатын Қодардан без, - дегені сол.

«Қозы Көрпеш» жырының образдары мен оқиғасы нақты өмірден алынған. Образдар жүйесі бірбіріне әлеуметтік қайшылық негізінде қарсы қойылып, ескі мен жаңаның тартысын көрсетеді. Жырдың мазмұны мен образдарына қарап отырып, өткен заманның әлеуметтік қайшылықтарын жете танып білеміз. Жырда нәзік махаббат, шектен асқан жолсыздық суреттерімен қатар сатиралық белгілер де жоқ емес. Мұң мен шер, күлкі мен әжуа, прогресті рух пен ескілік қоқысы жырда қат - қабат, шебер тоқылған. Сол үшін «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жыры қазақ эпосының алтын қазынасы болып табылады.

Тұжырым. «Қозы Көрпеш» жырының сюжеті қазақ, башқұрт, моңғол, якут, ұйғыр, Сібір татарларында бар. Соған қарағанда оны бастапқы ертегілік

желісі Алтай, Жетісу жағында, оғыз тайпалары дәуірінде туған ба дейміз. «Қозы» - қой аты емес, «оғыз» түбірінен туған. Монғолдар бұл жырды «Козюке», «Козы Еркеш», «Малшы мерген» десе, ұйғырлар «Бозы Көрпеш» дейді. Жырдың сюжеті ХІХ ғасырда жазылып алғандықтан, Онда Қарқаралы, Қараөткел, Баянауыл, Қарасақпай, Аягөз дейтін кейінгі дәуір атаулары да жүр. Сол себепті, жыр VIII - ХІХ ғасырлар арасындағы қазақ өмірінің көп заманын камтып, өзінше бір энциклопедияға айналған. «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жыры қазақ даласындағы барлық лиро - эпостық жырларға жол салған шығарма. Сол негізінде «Мақпал қыз», «Құл мен қыз», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Есім сері-Зылиха» сияқты көптеген ғашықтық жырлар туған.

Бақылау сұрақтары

1. «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырын алғаш зерттеген қазақ ғалымы кім?
2. Қазақ халқы арасында айтылып, ауызша тараған Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының басқа түркі халықтарындағы нұсқалардан айырмашылығы қандай?
3. Бұл туралы қай ғалымдар зерттеу жүргізгенін білесіз бе?
4. Таптық қоғам сатысында туған Қарабай, Қодар, Қозы, Баян образдары жырда қалай бейнеленген? Мысал келтіріңіз.
5. Жырдың Шөже, Мұқан айтқан нұсқасында дін әңгімелерінің басым келуі, Радлов нұсқасында үстем тап адамдарын, әдет-ғұрып салтты дәріптеушілік орын алуы, Кастанье жариялаған нұсқасында қиял-ғажайып ертегі түрінде айтылуының себебі неде ойлайсыз?
6. «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырында тұрмыс - салт жырларының қай түрлері көрініс тапқан?

Оқуға ұсынылған әдебиеттер

1. Садырбаев С. «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырларының нұсқалары. Алматы: Қазақ университеті, 2023.-172 б.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, Ана тілі, 1991. – 288 б.
3. Садырбаев С. Қазақ халық әдебиеті. Хрестоматия, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. Алматы, Рауан. 1990. – 240 б.
4. Қазақ халық әдебиеті. Екі томдық хрестоматия. I том. Құраст. С.Садырбайұлы; жалпы ред.басқ. Қ.Әбдезұлы. Алматы: Қазақ университеті. – 2015. -276 б.
5. Қазақ халық әдебиеті. Екі томдық хрестоматия. II том. Құраст. С.Садырбайұлы; жалпы ред.басқ. Қ.Әбдезұлы. Алматы: Қазақ университеті. – 2015. -276 б.
6. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, Мектеп 1974.-380 б.
7. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздары. Алматы: Ғылым, 1985. –432 б.